

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

24 сәуір 2015 ж.

Еуропалық Одақтың INOGATE бағдарламасы мен Халықаралық энергетика агенттігі Астанада энергетикалық саясат бойынша шолуды ұсынды

АСТАНА – Бүгін Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің басшысы, Елші Аурелия Бушез ханым және ҚР Энергетика министрі Владимир Школьник мырзаның төрағалығымен өткен шара барысында ЕО қаржыландыратын INOGATE бағдарламасы шеңберінде Халықаралық энергетика агенттігі (ХЭА) дайындаған «ХЭА мүше-емес елдердің энергетикалық саясаты: Шығыс Еуропа, Кавказ бен Орталық Азия» атты шолу ұсынылды.

Аталған шолу Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина және Өзбекстанда энергетикалық саясат пен секторды дамыту бойынша жан-жақты баяндама болып табылады. Құжатта инфрақұрылымның ескіруі, жоғары энергия сыйымдылығы, төмен энергия тиімділігі, пайдаланылмайтын баламалы энергия әлеуеті және ұтымсыз аймақтық энергетикалық нарықтар мәселелерін қоса алғандағы энергетикалық сектор қатерлері белгіленген. ХЭА жариялаған шолуда елдің жалпы энергетикалық балансында 2050 жылға қарай баламалы және жаңартылмалы энергия көздерінің үлесін 50% жеткізу бойынша өршіл мақсат көздейтін «Жасыл экономика» мемлекеттік концепцияны қабылдау, энергетикалық секторды қарқынды дамытумен байланысты Қазақстан Республикасының жетістіктері жоғары бағаланды.

Өзінің кіріспе сөзінде Елші Аурелия Бушез ханым: *"Ендігі сәтте нақты деректерге негізделіп дайындалған ұсыныстары бар сараптамалық шолу қолданыста. Ең маңыздысы, сараптамалық үдерістің өзегіне әріптес елдерді қатыстыруға негізделген құжат сол елдердің ұлттық энергетикалық секторын түзету немесе тіпті реформалау жолында қажетті, әрі тиісті саяси шешімдер қабылдауында қолданылады"*, - деп атап өтті.

ҚР Энергетика министрі Владимир Школьник мырза: *"Айта кететін жағдай, Агенттіктің басылымдары қазіргі таңда және келер уақыттағы әлемдік энергетикалық нарықтардағы ахуал жайында хабардар болудың ең маңызды ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Бүгінгі ұсынылған шолу Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастыққа еліміздің энергетикалық нарығындағы жағдайды түсіну мен сараптауға септігін тигізетіні сөзсіз. Тәуелсіздік жылдарының барысында еліміздің энергетика және мұнай-газ саласы қайта құрудан өндіріс көлемін ұлғайтуға дейін жолды басынан кешірді. Біз даму үрдісін ары қарай жалғастыруға ниеттіміз"*, - деп аса назар аударды.

Халықаралық энергетика агенттігінің Атқарушы директоры Мария ван дер Хоовен ханым баяндамасынан кейін, ХЭА, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен «KAZENERGY» Ассоциациясы арасында Өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум, атап айтқанда, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңартылмалы энергия көздері, инновациялық тұрақты энергетика технологияларын дамыту, энергияға қолжетімділік, т.б. салалар бойынша әрекеттесуді қамтитын Қазақстанның тұрақты энергетикалық дамуын қолдау мақсатымен техникалық ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

Қысқаша анықтама:

INOGATE Еуропалық Одақ қаржыландыратын энергетика саласындағы ең ұзақ мерзімді техникалық көмек бағдарламаларының бірі болып табылады. Бағдарлама 1996 жылы басталып, Баку бастамасы мен Шығыс әріптестік шеңберінде жұмыс атқаруда. INOGATE бағдарламасы қазба отын және энергия импортына тәуелділікті төмендету, энергетикалық қауіпсіздік және жалпы климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту мақсатында 11 әріптес елдермен ынтымақтастық құрады. INOGATE бағдарламасын Еуропалық комиссия мен әр әріптес елдердің энергетика министрліктері басқарады. INOGATE бағдарламасы аталған мақсаттарға қол жеткізу бойынша нақты мәселелерді шешуге бағытталған бірқатар жобалар арқылы көмек көрсетуде. Қазіргі таңда INOGATE бағдарламасы 70 жобаны табысты жүзеге асырды.

Қосымша ақпарат үшін Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің Ақпарат жөніндегі үйлестірушісі Эльнара Байназарова ханымға хабарласуға болады, тел: +7 (7172) 97-11-49, email: elnara.bainazarova@ext.eas.europa.eu.



Қазақстан
Республикасындағы
Еуропалық одақ Өкілдігі
010000, Астана,
Космонавтов көшесі, 62,
Тел: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63

Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 28 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.